

опыта в ораторском искусстве. Конечно, до конца мы не дошли, но зато ребята получили колоссальный опыт, пообщались с носителями языка (наш судья был из Великобритании), они буквально окунулись в мир английского языка. Как они сами признались, они даже стали думать на английском языке. Было столько эмоций, столько адреналина! Мы с ребятами пришли к решению открыть свой дебатный клуб, они обучат учащихся из восьмых-девятых классов, и я верю, что наш клуб в будущем станет нашей визитной карточкой.

Подводя итог, исходя из своего опыта, могу с твердостью заявить, что моя цель – это заинтересовать и влюбить ребенка в свой предмет. Тогда он с удовольствием будет выполнять все задания, учить слова, правила, стихи, песни, диалоги, с интересом искать нужную информацию, защищать проекты, с упоением участвовать на концертах и дебатах.

Нельзя забывать про функциональную грамотность. Если на каждом уроке проводить параллель с жизненными ситуациями, то наши дети будут готовы преодолеть любые проблемы и моментально смогут решать задачи любой трудности.

Что касается моральной стороны нашей работы, то надо быть живым примером нашим детям, и доказывать не только словом, но и делом, что надо оставаться человеком всегда. И тогда не будет «мучительно больно за бесцельно прожитые годы». Еще Николай Островский писал: «Умей жить и тогда, когда жизнь становится невыносимой. Сделай ее полезной». [5]

Наши дети должны быть конкурентоспособными и амбициозными в хорошем смысле этого слова. А эти качества должны привить им взрослые: учителя и родители. И тогда наша страна встанет в один ряд среди первых экономически развитых стран.

Список литературы

1. **Жадыра Сулейменова:** <https://e-history.kz/ru/prominent-figures/show/12626/> © e-history.kz
2. **Асем Жапишева:** <https://oyla.xyz/article/ybyraj-altynsarin-pervyj-ucitel-v-stepi>
3. **Асем Жапишева:** <https://oyla.xyz/article/ybyraj-altynsarin-pervyj-ucitel-v-stepi>
4. **Асхат Аймагамбетов;** <https://bilimdinews.kz/?p=137439>
5. **Николай Островский:** <https://eksmo.ru/interview/5-tsitat-iz-romana-nikolaya-ostrovskogo-kak-zakalyalas-stal-ID3586471/> (5 цитат)

ӘОЖ 37.02

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІНДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ ТОЛЫҚТЫРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Карипова А. Т. – педагогика ғылымдарының магистрі, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясының аға ғылыми қызметкері, Нұр-Сұлтан қ.

Мақалада білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмысының дидактикалық шарттары қарастырылады. Пандемия дағдарысы әлемдік білім беру жүйесіне және Қазақстанға әсері және білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтырудың алгоритмі көрсетіледі. Алгоритм диагностикалық, жоспарлау, жүзеге асыру және талдау жұмысы кезеңдерінен тұрады.

Түйінді сөздер: Халықаралық тәжірибе, пандемиялық дағдарыс, білім беру жүйесі, білім алушылардың біліміндегі олқылық, дидактикалық шарт.

Пандемия дағдарысы әлемдік білім беру жүйесіне қатты әсер етті. Халықаралық сарапшылар пандемия кезінде мектептердің жабылуы әлем бойынша білім алушылардың үлгеріміне, сапасына және мектеп бағдарламасын меңгеру деңгейіне әсер еткенін айтқан болатын. Пандемия кезінде қашықтан оқыту форматына көшу барысында тек сын-қатерлер ғана емес, жаңа мүмкіндіктер де пайда болды. Мысалы, ақпараттық құзыреттілік және *цифрлы сауаттылықтың артуы*.

Оқу процесін ұйымдастыру үшін бағалау жүйесі бейімделді және де бірқатар нормативтік құқықтық құжаттар қабылданды. Осы орайда, пандемия кезіндегі педагогтердің атқарған жұмыстарын ерекше атап өткен жөн.

ЮНЕСКО әлемнің 108 елі 2020 жылы мектептердің жабылуына байланысты орта есеппен 47 күндік күндізгі оқудың өткізілмегені туралы хабарлады, бұл оқу жылының төрттен біріне тең. Кейбір елдер бұл әсерді азайту үшін арнайы бағдарламаларды бастады.

Осыған байланысты әрбір ел жіберіп алған оқушылардың біліміндегі олқылықты толықтыруға және білім берудің ағымдағы проблемаларын шешуге ғана емес, сондай-ақ болашақ сын-қатерлердің алдын алуға қызмет ететін жүйелі шараларды әзірлеуге тырысты. АҚШ-тағы Теннесси штатында ұлдар мен қыздар клубтары сияқты ұйымдармен бірлесе отырып, Теннесси репетиторлық қызметін

бастаған болатын. Олар білім алушыларға көмектесу үшін кемінде 1000 білікті колледж оқытушыларын жалдады. Кейбір танымал білім беру зерттеушілері АҚШ-тағы AmeriCorps сияқты ұйымдар арқылы оқу бағдарламаларын күрт кеңейтуге шақырды.

Нидерланды үкіметі жазғы мектептер, ұзартылған мектеп күндері және репетиторлық мектептер сияқты қосымша білім беру ұйымдарын қолдау үшін қаржыландыру жоспарын жариялаған алғашқы ел болды. Білім министрлігі репетиторлық сабақ өткізу үшін арнайы оқытылған студенттерді жалдауды ұсынды.

Сондай-ақ, Ұлыбритания үкіметі білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында «Ұлттық репетиторлық бағдарлама» жағдайы субсидияланған репетиторлық сабақтарға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Студенттер мен колледждердің соңғы түлектерін тәлімгер-репетитор ретінде тарту экономикалық ынталандыру шарасы ретінде табысты болды.

Бұл тәжірибені елімізде де қолдануға болады, себебі елімізде білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру өзекті мәселелердің алдыңғы қатарында. Олай болса, педагогикалық мамандықта білім алып жатқан 4-курстың студенттері өндірістік-педагогикалық практикаға шығады. Осы студенттерге консультациялық сабақтарды өткізуді жүктеу қажет. Бұл қосымша қаржылық көмекті талап етпейді және студенттердің қазіргі заманауи проблемаларын шешуге қатыстырады.

Білім алушылардың да, педагогтердің де цифрлық контентпен жұмыс істеу дағдыларының болмауы мәселені одан сайын ушықтырды. Қашықтан оқытуды жүзеге асыру кезінде елдер пандемия басталғанға дейін сандық және инфрақұрылымдық дайындық деңгейіне байланысты әртүрлі шешімдерді қолдана және бейімдей отырып, жағдайдан басқаша шықты. Бірнеше ел (Сингапур, Франция) пандемиядан бірнеше жыл бұрын жасалған ұлттық LMS шешімдерін қолданды. Қытай dingtalk қосымшасын қашықтан білім беру қажеттіліктеріне бейімдеді. Zoom, Skype, MS Teams, Google Classroom сияқты оқу үдерісін ұйымдастыру және асинхронды, синхронды онлайн-сабақтарды өткізу бойынша бүкіл әлемге танымал платформалар барлық елдерде, соның ішінде елімізде де қолданылды. Сондай-ақ, Қазақстан сандық білім беру контенті онлайн сабақтармен барлық сыныптар мен пәндерді қамтыды. Осылайша, *қашықтан оқыту форматына амалсыз көшкен кезде Қазақстан үздіксіз білім беру үрдісін тиімді ұйымдастыра алды деп айтуға болады.* Оқу жылында санитариялық-эпидемиологиялық ахуалға байланысты мектептердегі оқу процесі дәстүрлі, қашықтан, аралас тәртіппен жүргізілді. Ресми ақпарат бойынша мектептердің 60% (3 998 мектеп) оқу жылы бойы оқу процесін дәстүрлі түрде жалғастырды. Оқушылардың 30% (6, 7, 8 және 10 сыныптар) оқуды қашықтан жалғастырды және «Жазғы мектеп» шеңберінде (1 миллионнан аса) білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтырды. 2020-2021 оқу жылының I-тоқсанында дәстүрлі тәртіппен оқуын жалғастырған оқушының саны 1 млн болса IV-тоқсанда олардың саны 2,2 млн болды. Өте қиын санитариялық-эпидемиологиялық жағдайда жоғары кәсіби санатты және азаматтық ұстанымы жоғары педагогтер аса қажетті телесабақтар берді.

Енді пандемиядан кейінгі кезеңде білім беру процесін қалпына келтіру және сын-қатерлерге жауап бере алатын білім беру ұйымдарының жүйесін құру үшін жағдай жасау қажет болды. Аталған жүйені Дүниежүзілік банк, БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ), ЮНЕСКО, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Білім және ғылым министрлігі бірлесіп ұйымдастырды. Осы орайда, өткен 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында оқу процесінің ауыспалы тәртібіне байланысты әрбір пәннің оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру қажет. Одан кейін ғана жаңа 2021-2022 оқу жылындағы әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын меңгеру қамтамасыз ету маңызды.

Білім алушы мен педагогтің алдындағы осындай күрделі міндетті шешу жұмысын қалай ұйымдастыруға болады, әрбір білім алушының біліміндегі өткен оқу жылдарында орын алған олқылықтардың орнын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарын қалай меңгертуге болады? Осы проблема бойынша пән мұғалімдеріне, әдістемелік бірлестіктер мен әкімшілік мүшелеріне арналған білім алушының біліміндегі өткен оқу жылдарында орын алған олқылықтардың орнын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарын меңгерудің алгоритмі ұсынылады.

№	Жұмыс мазмұны
Диагностикалық жұмыс (I тоқсанның I аптасында)	
1	Өткен оқу жылдарындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша әкімшілік диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу
2	Тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушылардың санына байланысты өткен тақырыптардың қиындық ретін анықтау. Мысалы, қандай да бір тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны көп болса сол тақырып ең күрделі болып есептеледі. Тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны аз болса ол тақырыптың күрделілігі төмен болып есептеледі
Жоспарлау жұмысы (I тоқсанның II аптасында)	
3	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы сәйкесті оқу мақсаттарын анықтау

4	Өткен оқу жылдарының оқу бағдарламасы бойынша оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы сәйкесті оқу мақсаттары анықталған сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларын мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып дайындау. Жаңа оқу мақсаттарын (тақырыптарды) меңгеру үшін өткен оқу жылдарындағы тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушыларға дайындалып келуге берілетін алдын-ала тапсырмалар дайындау.
5	Жаңа оқу жылындағы пәннің оқу бағдарламасы бойынша оқу мақсаттарына өткен оқу жылдарының сәйкесті оқу мақсаттары жоқ тақырыптарды анықтау
6	Жаңа оқу жылындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттарына сәйкестігі жоқ өткен оқу жылдарының оқу мақсаттары бойынша олқылықтары бар оқушыларды тізімдеу және топтастыру
7	Пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін кеңестердің кестесін жасау
8	Олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін кеңестердің кестесі сәйкесті жаңа тақырыптың алдын алу принципімен жасалады
9	Олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін кеңестердің кестелерін жоспарлау принциптері: - жаңа сабақтың алдындағы күнгі кеңестер; - бескүндік сабақ кестесіне сыймаған жағдайда сенбілік кеңестер; - каникул күндеріндегі кеңестер; - жазғы мектеп күндеріндегі кеңестер.
10	Жаңа сабақтың алдындағы күнгі кеңес беру топтарын анықтау, кестесін жасау
11	Қажеттілігіне қарай сенбілік кеңес беру топтарын анықтау, кестесін жасау
12	Каникул күндеріндегі кеңес беру топтарын анықтау, кестесін жасау
13	Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес тақырыптарын анықтау, кестесін дайындау
14	Жаңа оқу жылындағы оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу кестесін және талдау жұмысының жоспарын дайындау (бұл жерде білім алушының өткен оқу жылы бойынша білімінің сапасы да, олқылықтары да көрінеді): - қыркүйектің екінші аптасы (диагностикалық әкімшілік бақылау); - бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) кестесі; - тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) кестесі.
Жүзеге асыру және талдау жұмысы (оқу жылы бойы)	
15	Пән бағдарламасы бойынша оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді жоспар негізіндегі сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың біліміндегі алғашқы олқылықтарын толықтыра отырып жаңа бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу
16	Жаңа сабақ алдындағы кеңес беру кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу
17	Жаңа сабақ алдындағы сенбілік кеңес жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу
18	Каникул күндеріндегі кеңес жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу
19	Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыру
20	Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген жүйелі мониторинг жұмысының нәтижесін талдау және әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте талқылау: - диагностикалық бақылау жұмысының талдамалық есебі - әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте; - бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі - әдістемелік бірлестікте; - тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі - әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте. - оқу жылының қорытындысы бойынша талдамалақ есеп – әдістемелік бірлестікте, педагогикалық кеңесте.

Осы ретпен әрбір мұғалім оқушысының біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмысын қалай жоспарлайды?

Алгоритмнің бірінші қадамы – диагностика. Өткен оқу жылындағы пәндердің оқу бағдарламасы бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу. Диагностикалық бақылау жұмысының нәтижесімен оқу жылында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарланады. Біріншіден, егер, өткен оқу жылы дәстүрлі немесе қашықтан оқытудың нәтижесінде ешбір білім алушының білімінде олқылық анықталмаса, педагогтер білім алушының біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмысымен айналыспайды, қосымша сабақ бермейді, консультация жүргізбейді, тек жаңа бағдарламаны меңгерту-

мен айналысады. Ал егер, диагностикалық бақылау жұмысының нәтижесінде қандай да бір пән бойынша білім алушылардың білімінде олқылықтар анықталса, онда ол білім алушы анықталған олқылықтардың орнын толықтырмай жаңа тақырыптарды меңгере алмайды. Бұл жағдайда педагогтер, білім беру ұйымдарының әкімшілігі алгоритмнің 2-ші қадамына өтуі керек.

Алгоритмнің 2-ші қадамы – жоспарлау. Білім алушылардың біліміндегі анықталған олқылықтардың орнын толықтыру жұмысын жоспарлау. Бұл жерде 5 түрлі мүмкіндік көрсетілген.

Бірінші – олқылықтар анықталған пәннің өткен оқу жылындағы бағдарламасының оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы бағдарламада сәйкесті оқу мақсаттарының болуы. Онда, жаңа сабақтардың қысқа мерзімді жоспарлары өткен және жаңа оқу жылындағы оқу мақсаттарын үйлестіре, кіріктіре отырып дайындалады. Бұл жағдайда да педагог қосымша сабақ бермейді, кеңес жүргізбейді, тек олқылығы бар білім алушыға алдын ала дайындалып келуге тапсырма беру арқылы жаңа бағдарламаны меңгертумен айналысады.

Екінші – олқылықтар анықталған пәннің өткен оқу жылындағы бағдарламасының оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы бағдарламада сәйкесті оқу мақсаттарының болмауы. Бұл жағдайда олқылығы анықталған білім алушы қандай да бір қосымша кеңестерсіз жаңа тақырыпты меңгере алмайды. Олқылығы анықталған білім алушылармен жүргізілетін қосымша сабақтарды қандай сағаттардың есебінен жүргізуге болады деген мәселеде көптеген тәжірибелі мектеп басшылары, педагогтер бірнеше жол ұсынды. Бірінші жолы – білім беру ұйымының жұмыс оқу жоспарының вариативті бөлігіндегі сағаттардың есебінен жүргізу мүмкіндігі. Бұл жағдайда мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен білім алушылардың білімінде олқылықтары бар педагогтерге білім алушылардың білімін кеңейтуге, тереңдетуге арналған факультативтік сағаттар есебіне сағаттар бөлуге болады. Екінші жолы – қосымша білім беру ұйымдарының жұмысын білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға бағыттау. Бұл жағдайларда білім алушылардың білімінде олқылықтары бар педагогтер білім алушылардың білімін қосымша білім беру кестесіне орналастырылған сабақтар арқылы жұмыс күндері өткізеді немесе ол білім алушылар қосымша білім беру ұйымдарында жүргізілетін сабақтар арқылы білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтырады.

Үшінші – егер білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың көлемі көп болып, жоғарыда аталған үш түрлі мүмкіндіктің барлығы да оған жеткіліксіз болған жағдайда тоқсан аралық каникул күндерінде, оқушылар мен ата-аналардың келісімімен қосымша консультациялар кестесін ұйымдас-тыру мүмкіндігі бар. Бұл күндер педагогтің жұмыс уақыты, айлық жалақысы жүреді.

Төртінші – жазғы мектеп уақытындағы консультациялар. Күзгі, қысқы және көктемгі каникул уақыты, сондай-ақ кезекті демалысқа сәйкес келмейтін жазғы каникул уақыты педагогтер үшін жұмыс уақыты болып табылады («Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 21.04.2020ж № 153 бұйрығы. (ҚР Әділет министрлігінде 22.04.2020ж № 20449 болып тіркелген).

Бесінші – білім алушы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға педагогтердің де, білім алушылардың да бес күндік жұмыс күндерінің (45 минуттық сабақтарының), қосымша білім беру сағаттары мен каникул күндеріндегі кеңестердің мүмкіндіктері таусылған жағдайда білім алушылардың білімінде орын алған олқылықтардың орнын толықтыру сабақтары сенбілік кеңестер арқылы жүргізуге мүмкіндік бар. Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық құжаттың 10-бабында «Білім беру ұйымдарында типтері мен түрлеріне қарай педагогтердің нақты жүктемесін, оқу-тәрбие жұмысының жоспарын, оқу кестесін және қолда бар материалдық-техникалық, кадрлық ресурстарды ескере отырып, бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасы белгіленеді» делінген. Сондықтан, ұсынылған алгоритмде білім алушылардың білімінің сапасы төмендеген жағдайда оны қалпына келтірудің барлық мүмкін жолдары көрсетілген. Бірақ, білім алушылардың білімінің сапасы төмендеген жағдайда оны қалпына келтіруде білім беру ұйымдарындағы педагогтерден қандай да бір көмек болмаса, ата-аналар балаларын сенбі және жексенбі күні болсын қосымша оқыту орталықтарының қызметіне жүгінуге мәжбүр болады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат <https://nao.kz/loader/fromorg/2/24?lang=kz>

2. «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 21.04.2020ж № 153 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020449>

3. <https://www.unicef.org/eca/ru>

4. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015605>